

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 1 маусымда № 6987 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 95 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.11.2014 № 95 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтармен операция жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 ақпандағы № 237 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелері бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын (жаңарту, броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді әзірлеу және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2008 жылғы 22 шілдедегі № 128 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5303 тіркелген, «Заң газеті» газеті 2008 жылғы 15 қазан № 157 (1383), Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2008 жыл, № 10 жарияланған) күші жойылды деп

т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *В. Божко*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Т ө т е н ш е ж а ғ д а й л а р м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 5 м а м ы р д а ғ ы
№ 1 8 6 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілді

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелері

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Мемлекеттік материалдық резерв туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ә з і р л е н д і .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Осы Ережелер мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу тәртібін б е л г і л е й д і .

3. Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кесімді баға – тендерлік комиссиямен бекітілген және тендер өткізу туралы хабарламада жарияланған тауар бірлігі үшін бастапқы баға;

2) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарымен операция жасау жоспары – мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жеткізуді, сақтауды және шығаруды реттейтін құжат (бұдан әрі – О п е р а ц и я ж а с а у ж о с п а р ы);

3) өтінім бағасы – үміткердің тендерлік өтінімінде көрсеткен тауарға ұсынған б а ғ а с ы ;

4) тауар – осы Ережелерге сәйкес мемлекеттік материалдық резервтен шығаруға жататын материалдық құндылықтар;

5) тендер – осы Ережелермен белгіленген тәртіппен жүзеге асатын мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудың н ы с а н ы ;

6) тендерлік комиссия – тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін уәкілетті орган құрған комиссия ;

7) тендерлік өтінім – мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатып алуға оның келісім беруінің нысаны болып табылатын үміткердің тендерлік ұсынысы ;

8) тендерді ұйымдастырушы – уәкілетті орган, ведомствосы және оның ведомстволық бағынысты ұйымдары ;

9) уәкілетті орган – мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ;

10) уәкілетті органның ведомствосы – мемлекеттік материалдық резерв саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға ;

11) үміткер – тендерге қатысқысы келген жеке немесе заңды тұлға.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Тендерлерді өткізу дайындығы

4. Уәкілетті орган өзі тауарды сату бойынша тендер өткізу туралы шешім қабылдайды .

5. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару уәкілетті орган жыл сайын бекітетін Операция жасау жоспарының негізінде жүзеге асырылады және тендер өткізу үшін ұйымдастырушыға жіберіледі.

Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерінің негізінде жүзеге асырылады.

6. Тендерлерді әзірлеу және өткізу үшін уәкілетті орган тендерді ұйымдастырушыны айқындайды және тендерлік комиссия құрады.

Тендерлік комиссияның құрамына төраға, төраға орынбасары және тендерлік комиссияның мүшелері кіреді. Төраға болмаған уақытта оның функциясын оны алмастыратын тұлға атқарады. Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде үш адамнан құралады .

7. Тендерлік комиссия қызметіне:

1) тендерлік комиссия жұмысын жоспарлайтын және қызметіне басшылық ж а с а й т ы н ;

2) тендерлік комиссия отырысында төрағалық ететін;

3) осы Ережелерде көзделген функцияларды жүзеге асыратын төраға б а с ш ы л ы қ ж а с а й д ы .

8. Тендерлік комиссияның ұйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс бермейді.

Тендерлік комиссияның хатшысы тендерді ұйымдастыру және өткізуге жауапты тендерді ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің лауазымдық тұлғалар санынан анықталады.

9. Тендерлік комиссияның хатшысы:

1) тендерлік комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

2) тендерлік комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді;

3) түскен тендерге қатысуға өтінімдерді тіркеуді жүргізеді;

4) тендерлік комиссия отырысының хаттамалық шешімін ресімдейді;

5) тендер қорытындысы бойынша үміткерлердің және жеңімпаздардың мекен-жайына хабарламаларды жібереді;

6) тендерді әзірлеу және өткізу құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

7) осы Ережелермен көзделген функцияларды жүзеге асырады.

10. Тендерлік комиссия:

1) өз жұмысының регламентін әзірлейді. Тендерлік комиссияның жұмыс регламенті уәкілетті органның басшысымен бекітіледі;

2) тендер өткізу туралы хабарламаны бекітеді;

3) сатылатын тауарлар бойынша лоттар құрамын бекітеді;

4) кесімді бағаны бекітеді;

5) үміткерлердің тендерге қатысуға өтінімдерін қарайды;

6) тендер өткізеді және ол бойынша шешім шығарады .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

11. Тендерді ұйымдастырушы тендер өткізу туралы хабарлама бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кеш емес, бірақ үміткерлердің тендерге қатысуға өтінімдерін беретін соңғы күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын тендерді ұйымдастырушының интернет-ресурсында тендер өткізу туралы хабарлама мәтінін орналастырады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он

күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Тендер өткізу туралы хабарлама мынадай мәліметтерден тұрады:

- 1) тендерді ұйымдастырушының атауы мен орналасқан жері;
- 2) тендердің өткізілетін орны, күні және уақыты (тендер өткізілетін бір үздіксіз кезең ағымын көрсету рұқсат етіледі), сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімдерді беретін орны мен мерзімі;
- 3) номенклатурасы, ең аз көлемі, қосылған құнға салынатын салықты ескере отырып немесе ескерусіз кесімді бағасы, тауарды төлеу мерзімі, тауарды шығарып алу мерзімі және тауардың орналасқан жері қамтылған тауар туралы мәлімет;

3-1) тендерге қатысуға өтінімді енгізу шарттары және қамтамасыз ету түрлері ;

- 4) қорытындыны жариялау тәртібі және мерзімі;
- 5) тендерді ұйымдастырушының оны өткізуден бас тарту тәртібі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

13. Кәсіпкерлік қызметпен айналыспайтын тендерге қатысуға ниет білдірген жеке тұлғаның тендерді ұйымдастырушыға ұсынатын тендерге қатысуға өтінімі мыналарды қамтуы тиіс :

- 1) осы Ережелерге 1-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша тендерлік өтінімі;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

3) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5231 тіркелген) берілетін банк кепілдігі түрінде осы Ережемен белгіленген мөлшерде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың не уәкілетті орган ведомствосының ведомстволық бағынысты ұйымының банктік шотында орналастырылатын кепілдік берілген ақша жарнасын растайтын төлем құжатының түпнұсқасы.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

14. Тендерге қатысуға ниет білдірген жеке кәсіпкер ұйымдастырушыға ұсынатын тендерге қатысуға өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) осы Ережелерге 2-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша тендерлік өтінімі;

2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
3) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

4) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5231 тіркелген) берілетін банк кепілдігі түрінде осы Ережемен белгіленген мөлшерде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың не уәкілетті орган ведомствосының ведомстволық бағынысты ұйымының банктік шотында орналастырылатын кепілдік берілген ақша жарнасын растайтын төлем құжатының түпнұсқасы.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

15. Тендерге қатысуға ниет білдірген заңды тұлғаның тендерді ұйымдастырушыға ұсынатын тендерге қатысуға өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) осы Ережелерге 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша тендерлік өтінімі;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Егер заңды тұлға өзінің қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, онда тендерге қатысуға өтінім заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтініштің көшірмесін қамтуы тиіс.

Қазақстан Республикасының резидент еместері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударып отырып нотариалды куәландырылған сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірмені ұсынады;»

3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе анықтама;

4) осы Ережелерге 4-қосымшаға сәйкес үміткердің банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы үміткерге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар анықтаманың түпнұсқасынан (егер үміткер екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама тендерлік өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан кейін алынуға тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы үміткердің өтінімінен бас тартуға негіз болып табылмайды;

5) егер тендерлік өтінімді заңды тұлғаның басшысы емес қол қойған жағдайда – уәкілетті адамға берген сенімхаты, уәкілетті тұлғаның жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі.

6) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5231 тіркелген) берілетін банк кепілдігі түрінде осы Ережемен белгіленген мөлшерде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың не уәкілетті орган ведомствосының ведомстволық бағынысты ұйымының банктік шотында орналастырылатын кепілдік берілген ақша жарнасын растайтын төлем құжатының түпнұсқасы.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі), 04.05.2013 № 189 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15-1. Үміткер мынадай жағдайларда:

- 1) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етпесе;
- 2) егер ол алдында тендер жеңімпазы деп танылған және сатып алу-сату шартының талаптарын орындамаса немесе тиісінше орындамаса тендерге қ а т ы с у ғ а ж і б е р і л м е й д і .

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

15-2. Үміткер тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді, өзінің:

- 1) тендерге қатысуға өтінімін мұндай өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін кері қайтарып алмайтындығының не өзгертпейтіндігінің және (немесе) т о л ы қ т ы р м а й т ы н д ы ғ ы н ы ң ;
- 2) оны тендер жеңімпазы деп таныған жағдайда уәкілетті органның ведомствосымен сатып алу-сату шартын жасасатындығының кепілі ретінде е н г і з е д і .

Ескерту. 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Төтенше

жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15-3. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету лот сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде енгізіледі.

Банк кепілдігі уәкілетті орган ведомствосы сатып алу-сату шартын тіркегенге дейін қолданылады және егер екінші деңгейдегі банктер тендер өткізілген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жазбаша талап алмаса толық және автоматты түрде күшін жояды.

Ескерту. 15-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15-4. Үміткер тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірі:

- 1) уәкілетті орган ведомствосының ведомстволық бағынысты ұйымының банк шотына енгізілетін кепілдікті ақшалай жарнаны;
- 2) банктік кепілдікті таңдайды.

Үміткердің тендерге қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаға толығымен не бір бөлігінде талап ету құқықтарының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Тендерді ұйымдастырушының, осы Ереженің 15-5-тармағында аталған іс-әрекеттерді қоспағанда, үміткер енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны пайдалануына жол берілмейді.

Ескерту. 15-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

15-5. Тендерді ұйымдастырушы тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде қайтармайды:

- 1) үміткер тендерге қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерге қатысуға өтінімді кері қайтарып алса не өзгертсе және (немесе) толықтырса ;

- 2) тендер жеңімпазы деп айқындалған үміткер сатып алу-сату шартын жасасудан жалтартса ;

- 3) тендер жеңімпазы сатып алу-сату шартының талаптарын орындамаса немесе тиісінше орындамаса. Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалу тендер жеңімпазын сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындаудан босатпайды.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың бірі туындаған кезде тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасы республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі

Ескерту. 15-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

15-6. Тендерді ұйымдастырушы үміткерге ол енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады:

- 1) осы үміткер өзінің тендерге қатысуға өтінімін тендерге қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;
- 2) тендер қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылғанда;
- 3) тендерді ұйымдастырушы тендер өткізуден бас тартқан кезде.

Ескерту. 15-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Тендерге қатысуға өтінімді үміткер тендерді ұйымдастырушыға тігілген түрде, нөмірленген беттермен береді және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін егер осындай болса) расталады.

Тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке беріледі.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2011.07.29 № 311 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

17. Тендерлік өтінімнің нысаны басып шығарылады немесе өшірілмейтін сиямен жазылады, үміткердің қолы қойылады және мөрімен (жеке тұлға үшін егер осындай болса) расталады.

18. Тендерлік өтінімде жол арасында қосымшалар, өшірулер және қоса жазулар, сондай-ақ арифметикалық қателер болмау керек.

19. Тендерлік өтінімде үміткер лот нөмірін, тауардың атауын, мөлшерін, өлшем бірлігін, бағасын, тауар үшін жалпы соманы, төлеу және тауарды шығарып алу мерзімін көрсетеді.

20. Тендерге қатысуға өтінімнің түпнұсқасы конвертке салынады және тендерлік комиссияның отырысында ашылады.

21. Берілген ақпараттың толықтығы үміткердің мүмкіндіктерін растайтын

құжаттарды тендерлік комиссия қараған кезде анықталады. Енгізілген тендерге қатысуға өтінім өзгертуге жатпайды.

22. Тендерлік комиссия хатшысы үміткердің атауы, мекен-жайы, телефоны мен факсының нөмірі, тендерге қатысуға өтінімді ұсынған адамның тегі, аты, әкесінің аты, өтінім түскен күні және уақыты көрсетілген тендерге қатысуға үміткерлерді тіркеу журналын жүргізеді.

23. Тендерге үміткерлерді тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен басталады және тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашатын күннің алдындағы күні сағат 18.00 аяқталады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Тендерге қатысуға қажетті құжаттар пакеті журналда тіркеуден өткеннен соң, тендер өткізілетін күнге дейін тендерлік комиссия хатшысының арнайы с е й ф і н д е с а қ т а л а д ы .

25. Үміткер тендер басталудан бір сағаттан кем емес мерзімде тендерге қ а т ы с у д а н б а с т а р т а а л а д ы .

26. Тендерді өткізуге дейін үміткер тауардың сапалық жағдайы және тауардың техникалық регламент талаптарына және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкестігі бойынша сараптама жасауына болады. Ондай сараптаманы жүргізуге байланысты шығындар үміткер тарапына жатады.

Сараптама жүргізу үшін үміткер:

1) сынама алу үшін сараптама жүргізуге қажетті материалдық құндылықтардың атауы және орналасқан жері көрсетілген тендерді ұ й ы м д а с т ы р у ш ы ғ а х а т ы н ;

2) тауардың техникалық регламенттерде немесе стандарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау бойынша ресімдерді жүргізу үшін материалдық құндылықтардың қажетті мөлшерін ұсыну туралы сәйкестігін растау жөніндегі аккредиттелген заңды тұлғаның хатын;

3) сараптамаға арналған материалдық құндылықтардың көлемін төлегені туралы төлем тапсырмасының көшірмесін ұсынады.

Сараптамаға арналған материалдық құндылықтардың көлемі үшін төлем алынғаннан кейін уәкілетті органның ведомствосы мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығаруға нарядтар жазып береді.

Наряд негізінде үміткер оның хатында көрсетілген сақтау пунктінен сараптама жүргізу үшін материалдық құндылықтарды алады.

3. Тендерді өткізу тәртібі

27. Тендер өткізу кезеңін тендерлік комиссия анықтайды және тендерлік комиссия отырысының хаттамасында белгіленеді.

28. Тендерлік комиссияның отырысы тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі және тендерлік комиссияның қатысқан мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары және тендерлік комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Тендерлік комиссия мүшесі болмаған жағдайда тендерлік комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

Тендерлік комиссияның отырысы тек оның төрағасы не оны алмастыратын тұлға қатысқан жағдайда өткізіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Тендерлік комиссияның отырысы үміткерлердің қатысуынсыз өтеді.

30. Тендерде өтінімдер қаралады және үміткерлердің тендерлік ұсыныстары жарияланады. Тендерлік комиссия үміткерлердің ұсыныстарын талдаудан және бағалаудан кейін, алғышарттармен салыстырғанда шарт жасасудың қолайлы жағдайларын ұсынған жеңімпазды анықтайды.

31. Бір ғана үміткердің болуы тендер өткізілмеді деп табуға негіз болмайды.

32. Тендерлік комиссия үміткердің тендерге қатысуға өтінімін:

1) тендерге қатысуға өтінімнің осы Ережелердің 16, 18-тармақтарына сәйкес к е л м е у і ;

2) осы Ережелерге 1-қосымшаға (жеке тұлға үшін), 2-қосымшаға (жеке кәсіпкер үшін), 3-қосымшаға (заңды тұлға үшін) сәйкес тендерлік өтінімді ұ с ы н б а ғ а н ;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың т ү п н ұ с қ а с ы н ұ с ы н б а ғ а н ;

4) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 сәуірдегі № 55 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілдемелерді беру ережесінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5231 тіркелген) талаптарын бұза отырып берілген банк к е п і л д і г і н ұ с ы н ғ а н ;

5) банк немесе банк филиалы анықтамасының түпнұсқасында үміткердің барлық міндеттемелерінің түрлері бойынша осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің болуы;

6) толық емес немесе дәл емес ақпарат ұсынған;

7) үміткердің ұсынған бағасы кесімді бағадан төмен болған;

8) тендерлік өтінімде көрсетілген тауар көлемі тендер өткізу туралы

хабарламада көрсетілгеннен төмен болған;

9) тендерлік өтінімде көрсетілген тауарды төлеу мерзімі, тауарды шығарып алу мерзімі тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілгеннен жоғары болған;

10) тендерлік өтінімде көрсетілген бағалар мен мерзімдердің сандық мәнінің оның мәтіндік бөлігіне сәйкес келмеген;

11) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы тендерге қатысуға өтінімнің түпнұсқасымен бірге тігілген жағдайларда алып тастайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

33. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде неғұрлым жоғары өтінім бағасын ұсынған өтінімдер қанағаттандырылады.

Өтінім бағалары бірдей болған кезде аз төлеу мерзімін ұсынған үміткер жеңімпаз деп танылады.

Өтінім бағалары және төлеу мерзімі бірдей болған кезде, тендерге қатысуға өтінімі тіркеу журналына басқа үміткерлерден бұрын енгізген үміткер жеңімпаз деп танылады.

34. Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және оған қатысқан тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданды деп саналады.

Дауыс тең болған жағдайда тендерлік комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда, төраға орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Тендерлік комиссия шешімімен келіспеген жағдайда тендерлік комиссияның кез келген мүшесі өз қарауы бойынша жазбаша түрде баяндалатын және тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркелетін ерекше пікір білдіреді.

35. Тендерлік комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

36. Тендер қорытындысы хаттама түрінде ресімделеді. Тендер қорытындысы туралы хаттама тендер өткізілген күні жасалады және онда әр үміткер бойынша тендерлік комиссияның шешімі көрсетіледі.

37. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері туралы хабарлама тендер өткізген күннен бастап 1 (бір) тәулік ішінде үміткерлерге жазбаша (факспен немесе поштамен) жіберіледі және тендерді ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады.

Тендер жеңімпазына жіберілетін хабарламаға шарт жобасы қоса беріледі.

38. Тендер жеңімпазы тендер өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ведомствосымен шарт жасасады.

38-1. Сатып алу-сату шарты тендерді ұйымдастырушы мен тендер жеңімпазы осы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық және тиісті орындаған жағдайда орындалды деп саналады.

Ескерту. Ереже 38-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

38-2. Тендерді ұйымдастырушы тендер жеңімпазына ол енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді сатып алу-сату шарттарын толық және тиісті орындағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Ескерту. Ереже 38-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 04.05.2013 № 189 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі).

39. Жеңімпаздың көрсетілген мерзімде шарт жасасу үшін келмеген жағдайында осы жеңімпазға қатысты тендерлік комиссияның шешімі жоққа шығарылады.

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелеріне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Тендерлік өтінім*

(жеке тұлғаның Т.А.Ә., жеке куәлігі құжатындағы деректер) атынан

(заңды тұлғаның мүддесін білдіруге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә., л а у а з ы м ы)

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелерімен танысып,

мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сату бойынша тендерге қатысуға ниет білдіреді және сатып алуды ұсынады

(лот нөмірі, атауы, мөлшері, өлшем бірлігі, ұсынған баға, тауар үшін жалпы сомасы) _____

Тауарды төлеу мерзімі _____

Тауарды шығарып алу мерзімі _____

Біздің тендерлік өтінімді тендерлік комиссия қанағаттандырған жағдайда, тендер өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тауарды сатып алу-сату туралы шартты жасауға міндеттенеміз.

Сатып алынатын тауардың сапасы бойынша реніш-талабымыз жоқ. Сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімде көрсетілген ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз.

П о ш т а л ы қ

м е к е н - ж а й :

_____,
(индекс, облыс, қала, көше үйдің №, пәт.№)

Телефон, факс: _____

Б а н к р е к в и з и т т е р і

Лауазымы, Т.А.Ә., жұмыс орны, қолы;

Өтінім толтырылған мерзім

М.О.

**Көрсетілген барлық тармақтарды толық толтыру, анық қол қою және мөр таңбасы міндетті, кері жағдайда өтінім жарамсыз деп саналады.*

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелеріне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Тендерлік өтінім*

(жеке кәсіпкердің Т.А.Ә., жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік деректері)

атынан _____

(занды тұлғаның мүддесін білдіруге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.,
лауазымы)

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелерімен танысып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сату бойынша тендерге қатысуға ниет білдіреді және сатып алуды ұсынады

(лот нөмірі, атауы, мөлшері, өлшем бірлігі, ұсынған баға, тауар үшін жалпы сомасы) _____

Тауарды төлеу мерзімі _____

Тауарды шығарып алу мерзімі _____

Біздің тендерлік өтінімді тендерлік комиссия қанағаттандырған жағдайда, тендер өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тауарды сатып алу-сату туралы шартты жасауға міндеттенеміз. Сатып алынатын тауардың сапасы бойынша реніш-талабымыз жоқ. Сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімде көрсетілген ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз.

П о ш т а л ы қ _____ м е к е н - ж а й :

(индекс, облыс, қала, көше үйдің №, пәт.№)

Телефон, факс: _____

Б а н к _____ р е к в и з и т т е р і

Лауазымы, Т.А.Ә., жұмыс орны, қолы;

Өтінім _____ толтырылған _____ мерзім

М.О.

**Көрсетілген барлық тармақтарды толық толтыру, анық қол қою және мөр таңбасы міндетті, кері жағдайда өтінім жарамсыз деп саналады.*

Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен)

шығару жөніндегі тендерлерді
дайындау және өткізу ережелеріне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Тендерлік өтінім*

_____ (заңды тұлғаның толық атауы)
атынан _____

(заңды тұлғаның мүддесін білдіруге уәкілетті тұлғаның Т.А.Ә.,
л а у а з ы м ы)

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2011 жылғы 5 мамырдағы № 186 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) шығару жөніндегі тендерлерді дайындау және өткізу ережелерімен танысып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сату бойынша тендерге қатысуға ниет білдіреді және сатып алуды ұсынады

_____ (лот нөмірі, атауы, мөлшері, өлшем бірлігі, ұсынған баға,
тауар үшін жалпы сомасы)

Тауарды төлеу мерзімі _____

Тауарды шығарып алу мерзімі _____

Біздің тендерлік өтінімді тендерлік комиссия қанағаттандырған жағдайда, тендер өткізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тауарды сатып алу-сату туралы шартты жасауға міндеттенеміз.

Сатып алынатын тауардың сапасы бойынша реніш-талабымыз жоқ. Сондай-ақ тендерге қатысуға өтінімде көрсетілген ақпараттың дұрыстығына кепілдік береміз.

П о ш т а л ы қ _____ м е к е н - ж а й :

_____ (индекс, облыс, қала, көше үйдің №, пәт.№)

Телефон, факс: _____

Б а н к _____ р е к в и з и т т е р і

Лауазымы, Т.А.Ә., жұмыс орны, қолы;
Өтінім толтырылған мерзім
М.О.

** Көрсетілген барлық тармақтарды толық толтыру, анық қол қою және мөр таңбасы міндетті, кері жағдайда өтінім жарамсыз деп саналады.*

Мемлекеттік материалдық резервтен
материалдық құндылықтарды (жаңарту
және броньнан шығару тәртібімен)
шығару жөніндегі тендерлерді
дайындау және өткізу ережелеріне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2012.01.11 № 14 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Нысан

Берешектің жоқтығы туралы анықтама

Банк (атауы)_____ жағдай бойынша осы Банкте қызмет көрсетілетін банк алдында анықтама берілген айдың алдындағы үш айдан артық созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығын растайды (заңды тұлғаның толық атауы, тел., мекен-жайы, СТН, БСК, БИН және т.б. көрсету қажет).

К ү н і
Қ о л ы

М.О.